

АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ХАЛЫҚТЫҚ ЛИНГВИСТИКАДА ТҮСІНДІРІЛУІ

Садирова К.К.¹, *Жазыкова Р.Б.²

¹фил.ғыл. док., профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан,
e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

*²докторант, «8D02304-Филология» мамандығы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
e-mail: rau_083@mail.ru

Аңдатпа. Ұсынылып отырған жұмыс халықтық лингвистиканы лингвистикалық антропологияның бір саласы деп қарайтын көзқарастарға сүйене отырып, антропонимдердің шығу төркінін халықтың қарапайым санасы қалай түсіндіретінін анықтауға арналған.

Мақаланың мақсаты – антропонимдердің халықтық лингвистикада түсіндірілу ерекшеліктерін *Мираш*, *Мапырашты*, *Шапырашты*, *Жалайыр*, *Қаңлы* атауларына қатысты аңыз-әңгімелер негізінде анықтау. Халықтық лингвистиканың зерттеу нысанына тіл тұтынушыларының өз тілдері туралы түсініктері, бұл түсініктің тілдің құрылымына және қауымдастықтағы әлеуметтік-мәдени жағдаятқа әсері кіреді деп саналады. Оның бір саласы халықтық этимологияда сөздің шығу төркіні тіл тұтынушысы тарапынан қалай түсінілетіні, яғни атау астарында не жатқанын, оның әлеуметтік себептері мен салдарларын, олардың мәдени мәнін ашу мақсат етіледі.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы халықтық лингвистика терминінің жарыспалы қолданыстары мен олардың мәні, зерттеушілердің өзара үндесетін және қарама-қайшы пікірлерінің сұрыпталып, халықтық лингвистиканың ғылыми зерттеу нысаны мен пәніне, халықтық немесе қарапайым метатілдік сана мен ғылыми білімнің арақатысын айқындауға қатысты тұжырымдардың жүйеленуімен, ал *практикалық маңызы* тіл туралы «кәсіби емес» білімді талдау үлгісінің берілуімен түсіндіріледі.

Жұмысты орындау барысында ғылыми зерттеулерге шолу жасауда негізгі тұжырымдарды салыстыру, талдау әдістері және түрлі дереккөздерден жинақталған халықтық лингвистиканың мысалдарына мәтіндік талдау жасау әдісі қолданылды. Жұмыс қорытындысында *Мираш*, *Мапырашты*, *Шапырашты*, *Жалайыр* антропонимдерінің халықтың қарапайым санасындағы түсінігін аңыздар мен әңгімелер мазмұны тасымалдайтынын, сол мәтіндер мазмұнына сүйене отырып атаулардың берілу себептерін (1) адам мінезіне қатысты берілген лақап атау (*Мираш*), 2) адамның бойындағы күш-қуатына негізделген атау (*Мапырашты*) 3) соған дыбыстық ұқсастықпен әрі ат қоюшының өтінішімен берілген атау (*Мапырашты*/*Шапырашты*), 4) көзінің қисық, қылилығын негізге алып қойылған атау (*Шапырашты*), 5) батырдың күштілігін сипаттаған тіркестің кірігуі (*Жал айырған батыр*/*Жалайыр*) анықталып, тұжырымдалды.

Ұсынылып отырған мақаланың құндылығы халықтық лингвистиканы жеке сала сапасында қарастыратын ғылыми тұжырымдарды толықтырады. Жұмыстың практикалық мәні жасалған тұжырымдардың осы бағыттағы зерттеулерде қолдануға жарамдылығымен сипатталады.

Тірек сөздер: халықтық лингвистика, қарапайым метатілдік сана, тіл туралы білім, тіл туралы білімді танудың кәсіби емес немесе әуесқой методологиясы, халықтық этимология, лингвистикалық антропология, ономастика, антропоним

Негізгі ережелер

Тіл білімінде атаулардың шығуы мен қалыптасуын ғылыми негізде түсіндіретін этимология, атаулар мазмұнындағы этномәдени ақпараттарды талдап, зерделейтін этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.с.с. лингвистика бағыттары орныққан, олар адамды тіл арқылы тану мақсатында дамып, өздерінің ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдерін жетілдіріп келеді. Осындай ғылыми бағыттар қатарында лингвистикалық антропология және оның бір саласы саналатын халықтық лингвистика бағытын да атауға болады. Халықтық лингвистика мәселелері қазақ тіл біліміне қатысты зерттеулерде (Т.Жанұзақов, Е.Керімбаев, Г.Смағұлова және т.б.), атап айтқанда, сөздердің шығу төркінін түсіндіруде халықтық этимология мәселелері аталып жүр. Бірақ халықтық лингвистика жеке ғылым саласы ретінде орнықтаған. Біз өз жұмысымызда халықтық лингвистиканы өз зерттеу нысаны бар (тіл туралы «кәсіби емес» білім) жеке сала деп түсіндіретін ғалымдар зерттеулеріне шолу жасай отырып, төрт атаудың - Мираш, Мапырашты, Шапырашты, Жалайыр – қойылуының халықтық лингвистика тұрғысынан түсіндірілуіне тоқталамыз.

Кіріспе

Халықтық лингвистиканы жеке сала ретінде тануға қатысты пікір біржақты емес. Халықтық лингвистика термині «әуесқой лингвистика», «фолк-лингвистика», «тұрмыстық лингвистика», «қарапайым лингвистика», «метатілдік сана лингвистикасы», «қарапайым металингвистика» деген сөздермен де аталып жүр. Бұл қатарда аталып тұрған «фолк-лингвистика» терминін Н.Д.Поличенко пайдаланады және оның мәнін былай ашады: «тіл туралы қарапайым білім мен ғылымның аралығындағы деңгей». Әрине тіл туралы «кәсіби емес» білімді талдау өзектілігі сол білімнің, нақты атағанда, «әуесқой тілшінің» тіл туралы білімді тану әдіснамасы немесе «әуесқой методология» заңдылығын анықтауға ұмтылумен байланысты. «Фолк-лингвистика» термині еуропалық тілшілер қолданатын «folk linguistics» терминімен сәйкес келеді, оның да білдіретін мәні – халықтық немесе қарапайым лингвистика. Тілші ғалымдардың негізгі дені «халықтық немесе әуесқой лингвистика» деген ғылым жоқ деп санайды.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Кейбір зерттеушілер халықтық лингвистика деректерін негізге ала отырып, белгілі бір салаға қатысты тұжырымдарды дәлелдейді не терістейді. Мұндай мысалды біз әлем тарихы туралы түсінікті қайта қарауды ұсынатын және өз теориясына халықтық лингвистика деректерін негіз ететін А.Т.Фоменконың 2000 жылы «История и антиистория» [1,116.] жинағына енген тұжырымдарынан байқаймыз. Бұл жұмыста жалқы есімдердің халықтық этимологиясын келтіру арқылы белгілі бір тарихи деректерді, елдер тарихын

қайта қарастыру мәселесі көтеріледі. Аталған жұмыс мазмұны орыс лингвисттері тарапынан терістеліп, ондағы келтірілген сөздердің халықтық этимологиясына сай түсінігіне дәстүрлі ғылыми этимологиялық деректер қарсы келтіріліп, әуесқой лингвистиканың шындыққа жанаспайтынын дәлелдейді. Бұл еңбек – А.Зализняктың «Из заметок о любительской лингвистике» деп аталатын зерттеуі [2, 210б.].

Халықтық лингвистика лингвистикалық антропологияның бір саласы сапасында қарастырылып, зерттеу нысанына тіл тұтынушыларының өз тілдері туралы түсініктері, бұл түсініктің тілдің құрылымына және қауымдастықтағы әлеуметтік-мәдени жағдаятқа әсері кіреді деп түсіндіріледі [3,423 б.].

Әлеуметтік лингвистика саласында зерттеу жүргізетін ғалымдардың айтуынша, тіл тұтынушыларының «тілді сезінуі» тек фонетикалық қана емес, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгейді де қамтиды. Ол тіл тұтынушыларының лингвистикалық фактілер мен тұрақты тілдік стереотиптердің қызметін «қарапайым» бағалауынан көрінеді.

Ғылыми зерттеулерге шолу жасауда негізгі тұжырымдарды салыстыру, талдау әдістері және түрлі дереккөздерден жинақталған халықтық лингвистиканың мысалдарына мәтіндік талдау жасау әдісі қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

«Халықтық лингвистика» терминін ғылыми айналысқа енгізген Н.М.Хенингсвальд деп көрсетіліп жүр. Ол халықтық лингвистиканың зерттеу нысанына енетін мәселені «адамдардың тілді қалай пайдаланатыны мен өзінің және өзгелердің тілдік тәртібі туралы не ойлайтынының арасындағы айырмашылықпен» сабақтастырады. Оның айтуынша, тілдің өзін ғана зерттеу керек, тілді пайдалануға деген адамдардың реакциясын зерттеу керек, адамдардың тілге қатысты не айтатынын зерттеу керек. Ол халықтық лингвистика қарастыратын мәселелер қатарын былай тізбектейді: тілдік категорияларға (сөзге, сөйлемге т.с.с.) және тілдік құбылыстарға (синонимияға, омонимияға), сөз актілеріне қатысты тіл тұтынушыларының не ойлайтыны мен әлеуметтік категориялардың (жасы мен гендер (жынысы)) сөзінде кездесетін айтылымдардың ерекшеліктері т.с.с. [4,16 б.].

Халықтық лингвистикада сөздің шығу төркінін тіл тұтынушысы тарапынан түсінілуінің, яғни халықтық этимологияның астарында не жатқанын, оның әлеуметтік себептері мен салдарларын, олардың мәдени мәнін ашу мақсат етіледі. Тіл тұтынушысының өзінің тілі туралы ойлауын қандай әлеуметтік және мәдени факторлар туғызатынын анықтауға тырысуы керек. Оны анықтауда әлеуметтік-мәдени антропологияға Э.Сепирдің шәкірті американдық Кеннет Пайк енгізген эмикалық тұрғыдан (эмный подход), нақты айтқанда фонематикалық айырмашылықтарды анықтай отырып зерттеу қолданылады. Кеннет Пайктың тұжырымдауынша, тілдегі дыбыстардың мән ажыратушылық (фонемалық) қызметі тілдердің мәдени айырмашылықтарын да білдіреді [5, 154 б.]. Эмикалық зерттеу жүргізу сондай-ақ әлеуметтік топтардың ішкі көзқарасын, яғни субъективті көзқарасын зерттеуден тұрады.

Халықтық лингвистика кейбір академиялық зерттеулерде, нақтырақ айтқанда, В.Алпатовтың [6, 8 б.] көрсетуінше, Н.Я.Марр зерттеулерінде де кездеседі. Әрине Н.Я.Марр тілдердің даму тарихын ескерген, бірақ дыбыс ұқсастықтарына қарай сөздердің шығу төркінін түсіндіруді «белгісіз сөзді өзіне белгілі сөзбен» ұқсатып түсіндіру кездескен.

Халықтық лингвистиканың көбірек сөз болатын саласы – халықтық этимология. В.Алпатовтың тұжырымдауынша, халықтық этимологияны жасауда тіл тұтынушылары тарапынан екі түрлі ұстаным байқалады: біріншісі – белгісізді белгілі арқылы түсіндіру. Өз ана тіліндегі не өзге тілден енген өзі үшін белгісіз сөзді өзіне шығу төркіні белгілі сөз арқылы түсіндіру жиі кездеседі. Екіншісі – сөздердің дыбыстық ұқсастығы нәтижесінде шығу төркінін түсіндіру. Бұл кезде сөз семантикасы қосымша рөл атқарады. Дыбысталуы ұқсас сөздердің арасында мүлдем мағыналық байланыс болмауы да мүмкін.

Р.Шордың [7, 112 б.] айтуынша, халықтық лингвистиканың негізінде халықтың қарапайым санасы жатыр. Қарапайым сана өзге елдің түсініксіз сөзін қабылдамай, оны өз тіліндегі түсінікті сөзбен сабақтастырып, соған сай түрлі каламбур мен пародиялар түзіледі. Халықтық лингвистиканың негізінде халықтың қарапайым санасы жататыны Н.Д.Голев [8, 39 б.] редакторлық жасаған ұжымдық монографиялық зерттеуде де дәлелденген. Аталған зерттеуде қарапайым (халықтық) лингвистика және оның түрлі деңгейлерін жан-жақты зерделеп, оны жаңа бір ғылым сапасында қарастырады. Зерттеуге сүйенсек, қарапайым лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны – қарапайым метатілдік сана, ал зерттеу пәні – метатілдік сананың лингвистикасы. Авторлар метатілдік сананы феномен сапасында тани отырып, оны жалпыфилософиялық және лингвофилософиялық тұрғыдан зерделейді, «қарапайым лингвистикалық технологияның» маңызды белгілерін сипаттайды, тілдік және метатілдік сананың өзара арақатынасына қатысты ой түйеді, тыңдаушы мен сөйлеушінің метатілдік әрекетінің заңдылықтарын ашады, метатілдік тұлғаның жеке даралық және ұжымдық портретін модельдейді, қарапайым метатілдік сананы тіл саясатының және түрлі әлеуметтік әрекеттесудің негізгі факторы ретінде талдайды. Н.Д.Голев қарапайым метатілдік сананың онтологиялық, гносеологиялық феномен сапасында болмысын сипаттап, тілге қатысты «тұрмыстық» және ғылыми танымның арақатысын анықтап, оларды өзара қарама-қарсы әрі өзара байланысты метатілдік әрекет түрлері деп санайды, сонымен қатар тұлғаның метатілдік санасының жалпыланған деңгейлік моделін көрсетеді. Н.Д.Голев халықтық лингвистика феномені туралы мәліметтерді жүйелеп, оған теориялық тұтастық береді. Л.Г.Зубкова метатілдік сананың даму тарихына шолу жасайды. Лингвистикалық зерттеулерде ғылым мен ғылымға дейінгі ойлаудың бірбағыттылығы туралы тезис орныққан: қарапайым метатілдік сана теориядан бұрын болады, қарапайым (халықтық) лингвистика - тіл білімі ғылымына баратын саты. Л.Г.Зубкованың тұжырымдарына сүйенсек, тілді ой елегінен өткізудің екі түрі бар: қарапайым және ғылыми, бұл екеуі өзіндік

дамуға қабілетті, ал ол адамның өзіндік дамуымен шарттасады. Осы арқылы тұлғаның метатілдік санасының үшденгейлілігі көрінеді.

Жалпы халықтық лингвистикаға қатысты ой-пікірлер қазақ тілші ғалымдар тарапынан да қозғалған. Халықтық лингвистиканың саласы болып саналатын халықтық этимология мәселесі Г.А.Бөрібаева мен Г.Б.Мадиеваның «Топонимдік аңыздар: халықтық этимология мәселесі» деген мақаласында арнайы қаралады [9, 6 б.].

Халықтық этимологияда сөздің шығу төркінін түсіндіруде аңыз, әңгімелерге сүйенеді. Мысалы, Ұлы жүз руының бірі «Шапырашты» атауының шығуы туралы мынадай екі түрлі аңыз бар:

1) Шапырашты – Бәйдібек бидің ортаншы әйелі Зеріптен туған жалғыз ұлы – Жалманбеттің әйелі – Жұпардан туған. Ел ішінде әрі сұлу, биязы мінезіне қарай «Мапырашты», «Мираш» деп атанған ол алғашқы ұлына екі қабат кезінде қайынатасы Бәйдібек терең ұраға (аранға) түсіріп, қыл шылбырмен тұмалдырықтап, тірідей жетелеп, ауыл шетіне алып келе жатқан жолбарысты, алдынан шығып, тізе бүгіп сәлем беріп, сыралғы-сауға сұрап алып, сойғызып, жүрегін шикідей жеп, жерігін қандырған екен. Сөйтіп Жалманбеттің әйелі Жұпар (ел оны «Мапырашты» деп атап кеткен екен) ай-күні толып ұл тапқанда, баланың жолдасы түспей дүние салады да, баланың атын өзінің өтініш аманаты бойынша анасының лақап атына ұйқастырып, «Шапырашты» қояды. Жетім қалған Шапыраштыны Жұпардың енесі Зеріп пен сырласы Сыланды ақ сүтін беріп өсіріпті. 2) Енді бір аңызда бұл есім баланың бір көзі екінші көзімен атысып, шапыраштанып туғандықтан берілген деп баяндалады [10, 35 б.].

Осы аңыздар екі атаудың қойылу себебін түсіндіріп тұр. 1) Мапырашты не Мираш аты – лақап ат, шын есімі – Жұпар. *Мираш* сөзінің түбірі – *Мира*, ал *-ш* реңк мәнді (еркелету) жұрнақ, ал ғалым Т.Жанұзақовтың «Қазақ есімдерінің анықтамалығында» бұл есімнің мағынасы – *бейбіт, тыныштық өмір* дегенді білдіреді. Мәтін мазмұнында Жұпарды *әрі сұлу, әрі биязы мінезіне қарай* Мираш деп атаған деп көрсетілуі мен сөздікте тіркелген *Мира* атауының *бейбіт, тыныштық өмір* деген мағыналары сабақтасады. Ал *Мапырашты* лақап атауының қойылуында имплицитті мән бар деп ойлаймыз. Қазақ тілінде *жапыра-мапыра* деген қос сөздің екінші сыңарында *мапыра* сөзі кездеседі, ол *жапыра* сөзінің басқы дыбысының алмасуымен қайталанып тұр, бұл қос сөздің мағынасын академик Ә.Қайдар: *қалың шөпті адамның, малдың жапырауы* ...Екінші бүйрегіне аударыла беріп еді, қалың құрақты *жапыра-мапыра* жақындап келе жатқан жойқын сытыр естілді (Ә.Кекілбаев. Бір уыс топырақ, 198). [11, 156 б.] деп түсіндіреді. Осыған сүйенсек, мәтіндегі «жолбарыстың жүрегін шикілей жеп жерігін қандырғанын» ескерсек, *Мапырашты* лақап атының берілу негізінде *жолбарыстың жүрегін шикілей жейтін* батылдық, күш жатыр деп ойлаймыз. Сонда *Мапырашты* сөзін *мапыра* сөзімен сабақтастықта алсақ, *қуатты күшті* деген мағынаны білдіреді деп ойлаймыз.

Мәтін мазмұнында *Шапырашты* атауының қойылуының екі себебі анық аталған: 1) анасының *Мапырашты* деген лақап атына ұйқастырып қояды. Бұл

жерде халықтың қарапайым тілдік санасында атаудың шығу төркінін дыбыстық ұқсастық негізінде түсіндіріп тұр. Бұл жерде сөз семантикасы қосымша рөл атқарып тұр. 2) Баланың бір көзі екінші көзімен атысып, шапыраштанып туғандықтан берілген. Бұл түсіндіру *шапыраш* сөзінің көздің қисық, қылилығын білдіретін тура мағынасымен сәйкес келеді. Бұл тұста сөз семантикасы алға шығып тұр. Аңғарып отырғанымыздай, шапырашты сөзінің, ру атауының шығуын түсіндіретін аңызда «Мапырашты/Шапырашты» деп дыбыстық ұйқастық та, сыртқы сипатқа қарап ат беру де бар.

«Жалайыр» руының атауының шығуын аңыз былай түсіндіреді: «Құдайберген батыр (Үйсіннің екінші баласы Жансақалдан туған, енді бірде Төле бидің немересі деп те айтылады) ертеде ауылына тосыннан жау тиіп, үйінен қылышын қолына ұстай жүгіре шыққанда қапелімде мінерге аты болмай, желі басында тұрған бір айғырды жүген-ноқтасыз жайдақ мініп, шаба жөнеледі. Жау алдына шыға келгенде арындап келе жатқан айғырдың басын ірікпек болып, кекілін ұстап жұлқа тартып қалғанда, сұрапыл күштің әсерінен жылқының терісі жиырылып, жалы шоқтығына дейін бір-ақ сыпырылып шығады. Осыған байланысты ауылдастары Құдайбергенді «Жал айырған батыр» деп атап кетеді. Бұл сөздер «Жалайыр» болып бір сөзге айналып, кейін ол осы атадан тараған әулеттің жалпы атауына айналып кетіпті-мыс». Ел арасында айтылатын «Жылқының жалын, жауының жағын айырған» деген тіркес те осыдан қалған [10, 38 б.]. «Қаңлы» атауы *қаңғу оғлы*, не *қаңғар оғлы* деген тайпа атауының өзара бірігіп, ықшамдалуының нәтижесінде қалыптасқан [12, 24 б.]. Қаңлылардың шығу тегі туралы аңыз «қаңлы» атауын арбаның жасалуымен байланыстырады: «Оғыз хан барып, татарларға тиді. Татар ханы сан мың әскерімен оған қарсы шықты; олар шайқасып, Оғыз хан кенет шабуыл жасап, оның (татар ханының) қолын быт-шыт қылды. Оғыз ханның қолына көп олжа түсті, оларды тиеп алып кетуге лау жетпейді. Олардың қасында қолы епсекті бір шебер кісі болып, ол ойланып-толғанып арба жасады. Оған қарап, бәрі де арба құрастырып, оған олжаны тиеп, бәрі үйіне қайтып келді. Арбаны «қаңлы» деп атады. Бұған дейін оның (арба) аты да, заты да болған емес, ол қозғалғанда «қаңқ» деп дыбыс шығаратын себепті оны «қаңқ» атады. Оны жасаған адамды «қаңқылы» деді. Бүкіл Қаңлы елі сол адамның үрім-бұтағы»[13].

Аңыз мәтінінің мазмұнында *Жалайыр* есімінің қойылуына Құдайберген батырдың тосыннан жау шапқан кездегі іс-әрекеті мен сол кезде танылған орасан күші негіз болғаны айтылған. «Жал айырған батыр» деп аталып келіп, бұл сөздер «Жалайыр» болып бір сөзге айналып кеткен деген түсіндірмесінде де халықтың қарапайым тілдік санасында атаудың шығу төркінін дыбыстық ұқсастық негізінде түсіндіріп тұр. Алдыңғы атаулардан айырмасы бұл кезде сөздің шығуын негіздеуде олардың дыбысталуы мен семантикалары тең түсетіні байқалып тұр.

Қорытынды

Халықтық лингвистика мәселесінің ғылыми деңгейде мойындалуына қатысты пікірлер әр жақты. Ең алдымен, халықтық лингвистика жеке ғылым

саласы бола алмайды деген пікір де, халықтық лингвистика жеке ғылым саласы бола алады деген де пікір бар екенін аңғардық. Халықтық лингвистиканың тіл білімінің жеке саласы деген ғалымдар оның зерттеу нысанына қарапайым метатілдік сана, ал зерттеу пәніне – қарапайым метатілдік сананың лингвистикасы жатады деп негіздейді.

Халықтық лингвистикаға жарыса қолданылатын терминдер бар, осы ғылыми атаулардың біреуін тандап, қолданысқа орнықтыру қажет. Халықтық лингвистиканың халықтық этимологиясы саласы өзгелеріне қарағанда көбірек зерттелген, халықтық диалектология, фонетика, кей зерттеулерде грамматика мәселелері де көтерілген. Қазақ тіл ғылымында, негізінен, халықтық этимология мәселесі көбірек талданған.

Халықтық лингвистика ғылымының зерттелуіне қатысты мәліметтерді талдай отыра, біздің тұжырымымыз мынаған саяды:

1. Халықтық лингвистиканы тіл білімінің жеке саласы сапасында қарау дұрыс, оның дұрыстығы – қарапайым метатілдік сананың тіл туралы жинақтап сақтайтын білімі ғылыми білімнің сатысы болып саналады. Халықтық лингвистиканың өзіндік методологиясын зерттеп, зерделеу керек, сол арқылы жалпы «кәсіби емес тілшілердің» тілді танудағы негізгі заңдылықтары анықталады, сол арқылы жалпы тіл туралы түсінік қалыптастыратын тіл табиғаты, соған сай адамның өзі таныла түседі.

2. Халықтық лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны саналатын «қарапайым метатілдік сана» түсінігін жан-жақты зерделеу қажет.

3. Антропонимдерінің халықтың қарапайым санасындағы түсінігін аңыздар мен әңгімелер мазмұны ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдайды.

4. Аңыз-әңгіме мәтіндері мазмұнына сүйене отырып *Мираш*, *Мапырашты*, *Шапырашты*, *Жалайыр* атауларының қойылу себептері мынадай:

- 1) адам мінезіне қатысты берілген лақап ат (Мираш),
- 2) адамның бойындағы күш-қуатына негізделген ат (Мапырашты),
- 3) дыбыстық ұқсастықпен әрі ат қоюшының өтінішімен берілген ат (Мапырашты/Шапырашты),
- 4) көзінің қисық, қылилығын негізге алып қойылған ат (Шапырашты),
- 5) батырдың күштілігін сипаттаған тіркестің кірігуі (Жал айырған батыр/Жалайыр).

ӘДЕБИЕТ

[1] Фоменко А.Т. История и антиистория. – Москва, 2001. – 264 с.

[2] Зализняк А. Из заметок о любительской лингвистике. – Москва: Московские учебники, 2010. – 240 с.

[3] Гаврилова К. «Народная лингвистика» – взгляд носителей языка на язык // Антропологический форум. – 2013. – №18. – С. 423-443.

[4] Hoenigswald H.M. A Proposal for the Study of Folk Linguistics //Socio-linguistics: Proceedings of the UCLA Sociolinguistic Conference 1964. – Mouton, 1966. – P.16-20

[5] Pike K. Etic and Emic Standpoints for the Description of Behavior // A.G.Smith (ed.) Communication and Culture: Readings in the Codes of Human Interaction. – N.Y.: Holt, Rinehart and Winston, 1966. – P. 152-163.

- [6] Алпатов В. Народная лингвистика в Японии и России // «Народная лингвистика»: взгляд носителей языка на язык. – СПб, 2012. – С. 7-10.
- [7] Шор Р. Язык и общество. – Москва, 2009. – 160 с.
- [8] Голев Н.Д. Обыденное метаязыковое сознание: онтологические и гносеологические аспекты. – Кемерово; Барнаул: Изд-во Алтайского ун-та, 2009. – Ч. 1. – 532 с.
- [9] Бөрібаева Г.А., Мадиева Г.Б. Топонимдік аңыздар: халықтық этимология мәселесі //Тіл білімінің мәселелері. https://emirsaba.org/problemi_yazikoznaniya.html 13.11.2023
- [10] Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) II том. Қоғам. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 728 б.
- [11] Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 456 б.
- [12] Толстов С.П., Кляшторный С.Г. По истории Золотой Орды. Т. I. –541 с.
- [13] Қаңлы руы. – Мәтін: электронды // [kk.wikipedia.org](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қаңлы_руы) – Уикипедия ашық энциклопедиясы [сайт]. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қаңлы_руы 13.11.2023

REFERENCES

- [1] Fomenko A.T. Istoriya i antiistoriya (History and antihistory). – Moskva, 2001. – 264 s. [In Rus.]
- [2] Zaliznyak A. Iz zametok o liubitelskoi lingvistike (From notes on amateur linguistics). – Moskva: Moskovskie uchebniki, 2010. – 240 s. [In Rus.]
- [3] Gavrilova K. «Narodnaya lingvistika» – vzglyad nositelei yazyka na yazyk // Antropologicheskii forum (“Folk Linguistics” – native speakers’ view of the language// Anthropological Forum). – 2013. – № 18. – S. 423-443 [In Rus.]
- [4] Hoenigswald H.M. A Proposal for the Study of Folk Linguistics // Socio-linguistics: Proceedings of the UCLA Sociolinguistic Conference 1964. – Mouton, 1966. – P.16-20
- [5] Pike K. Etic and Emic Standpoints for the Description of Behavior // A.G.Smith (ed.) Communication and Culture: Readings in the Codes of Human Interaction. – N.Y.: Holt, Rinehart and Winston, 1966. – P. 152-163
- [6] Alpatov V. Narodnaya lingvistika v Yaponii i Rossii // «Narodnaya lingvistika»: vzglyad nositelei yazyka na yazyk. (Folk Linguistics in Japan and Russia //“Folk Linguistics” – native speakers’ view of the language). – SPb, 2012. – S. 7-10 [In Rus.]
- [7] Shor R. Yazyk i obshestvo (Language and society). – Moskva, 2009. – 160 s. [In Rus.]
- [8] Golev N.D. Obydennoe metayazykovoe soznanie: ontologicheskie i gnoseologicheskie aspekty (Everyday metalanguage consciousness: ontological and epistemological aspects). – Kemerevo; Barnaul: Izdatelstvo Altaiskogo universiteta, 2009. – Issue.1. – 532 s. [In Rus.]
- [9] Boribayeva G.A., Madiyeva G.B. Toponimdik anyzdar: khalyktyk etimologiya maselesi// Til biliminin maseleleri (Toponymic legends: the problem of folk etymology // Problems of Linguistics.). https://emirsaba.org/problemi_yazikoznaniya.html. [In Kaz.]
- [10] Kaidar A. Kazaktar ana tili aleminde (etnolingvistikalık sozdik) II tom. Kogam. (Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary) Vol. II. Society) – Almaty. Sardar, 2013. – 728 b. [In Kaz.]
- [11] Kaidar A. Kazak tilindegi kos sozder: zertteu zhane sozdik (Double words in the Kazakh language: research and dictionary). – Almaty. Sardar, 2013. – 456 b. [In Kaz.]
- [12] Tolstov S.P., Klyashtornyi S.G. Po istorii Zolotoi Ordy (On the history of the Golden Horde). Vol. I. – 541 s. [In Rus.]
- [13] Kanly ruy (Kangli tribe). – Matin: elektrondy (Text: electronic) // [kk.wikipedia.org](https://kk.wikipedia.org/wiki/Kanly_ruy) – Uikipediya aшыk entsiklopediyasy: [sait] (Wikipedia open encyclopedia). https://kk.wikipedia.org/wiki/Kanly_ruy 13.11.2023. [In Kaz.]

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ АНТРОПОНИМОВ В НАРОДНОЙ ЛИНГВИСТИКЕ

Садирова К.К.¹, *Жазыкова Р.Б.²

¹док.фил. наук, профессор, Актюбинский региональный университет
имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан
e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

*²докторант, специальность «8D02304-Филология»
Актюбинский региональный университет
имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан
e-mail: rau_083@mail.ru

Аннотация. Предлагаемая работа направлена определить то, как обыденное сознание народа объясняет происхождение антропонимов на основе взглядов, рассматривающих народное языкознание как раздел лингвистической антропологии.

Цель статьи – выявить особенности интерпретации антропонимов в народной лингвистике на основе легенд и рассказов, связанных с наименованиями *Мираш*, *Мапырашты*, *Шапырашты*, *Жалайыр*, *Канлы*. Считается, что предметом исследования народной лингвистики являются представления носителей языка о своем языке, влияние этого понимания на структуру языка и социокультурную ситуацию в сообществе. Одной из ее областей является то, как в народной этимологии происхождение слова понимается носителем языка, т.е. то, что лежит в основе названия, его социальные причины и следствия, его культурное значение.

Научная значимость статьи заключается в анализе конкурирующих вариантов использования термина *народная лингвистика* и их значения, совместимых и противоречивых мнений исследователей, систематизации положений, относящихся к предмету и объекту научного исследования народной лингвистики, определению соотношения народного или обыденного метаязыкового сознания и научного знания, а практическая значимость – передаче модели анализа «непрофессиональных» знаний о языке.

В ходе выполнения работы по обзору научных исследований были использованы методы сравнения, анализа основных положений и метод контекстуального анализа примеров народной лингвистики, взятых из различных источников. В заключении работы отмечено, что содержание легенд и рассказов раскрывает понимание в обыденном сознании народа антропонимов *Мираш*, *Мапырашты*, *Шапырашты*, *Жалайыр*, на основе содержания этих текстов определены причины присвоения имен: 1) прозвище, связанное с характером человека (Мираш); 2) имя, указывающее на силу человека (Мапырашты); 3) имя, имеющее звуковое сходство и имеющее отношение к просьбе того, кто нарекает именем (Мапырашты/Шапырашты); 4) имя, связанное с косоглазием (Шапырашты), 5) имя, образованное из сочетания слов, описывающих силу героя (Жал айырған батыр/Жалайыр)).

Ценность предлагаемой статьи дополняет научные выводы, рассматривающие народную лингвистику как отдельную область лингвистики. Практическая значимость работы характеризуется применимостью полученных выводов в исследованиях данного направления.

Ключевые слова: народная лингвистика, обыденное метаязыковое сознание, языкознание, непрофессиональная или любительская методология познания языка, народная этимология, лингвистическая антропология, ономастика, антропоним

INTERPRETATION OF ANTHROPONYMS IN FOLK LINGUISTICS

Sadirova K.K.¹, *Zhazykova R.B.²

¹Doc. Phil. Sc., Professor, Aktobe Regional University

named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: kulzat.sadirova@mail.ru

*²PhD student, speciality «8D02304-Philology», Aktobe Regional University

named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

e-mail: rau_083@mail.ru

Abstract. The proposed work is devoted to determining how the origin of anthroponyms is explained by the simple consciousness of the people, based on the views that consider folk linguistics as a branch of linguistic anthropology.

The purpose of the article is to identify the peculiarities of the interpretation of anthroponyms in folk linguistics based on legends and stories concerning the names *Mirash*, *Mapyrashty*, *Shapyrashty*, *Zhalaiyr*, *Kanly*. It is believed that the subject of folk linguistics research is the native speakers' ideas about their language, the impact of this understanding on the structure of the language and the socio-cultural situation in the community. One of his areas is how in folk etymology the origins of a word are understood by a native speaker, i.e. what underlies the name, its social causes and consequences, and their cultural significance.

The scientific significance of the article is explained by the systematization of statements related to the subject and object of scientific research of folk linguistics, the determination of the ratio of folk or everyday metalanguage consciousness and scientific knowledge, the analysis of mutually consonant and contradictory judgments of researchers, folk linguistics terms' uses and their meanings, and the practical significance – the transfer of the model of analysis of “unprofessional” knowledge about the language.

In the course of the work in the review of scientific research, methods of comparison, analysis of the main conclusions and the method of contextual analysis of examples of folk linguistics collected from various sources were used. In conclusion, it is noted that the anthroponyms *Mirash*, *Mapyrashty*, *Shapyrashty*, *Zhalaiyr* in the everyday consciousness of the people carry the content of legends and stories, based on the content of these texts determine the reasons for naming (1) a pseudonym assigned in relation to the character of a person (*Mirash*); 2) a name based on the power of a person (*Mapyrashty*); 3) the name given to him by sound similarity and by addressing him (*Mapyrashty* / *Shapyrashty*); 4) the name due to the curvature, inertia of the eyes (*Shapyrashty*), 5) the combination of phrases describing the strength of the hero (*Zhalaiyr* / *Zhalaiyr batyr*) was determined and formulated.

The value of the proposed article complements the scientific conclusions that consider folk linguistics as a separate branch of linguistics. The practical significance of the work is characterized by the suitability of the conclusions drawn for use in research in this area.

Keywords: folk linguistics, simple metalanguage consciousness, linguistics, non-professional or amateur methodology of language cognition, folk etymology, linguistic anthropology, onomastics, anthroponym

Статья поступила 7.10.2022